

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XVIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**PROCEEDINGS
of the XVIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**2023
Астана**

УДК 001+37
ББК 72+74
G99

«GYLYM JÁNE BILIM – 2023» студенттер мен жас ғалымдардың XVIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XVIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2023» = The XVIII International Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE BILIM – 2023». – Астана: – 6865 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-337-871-8

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001+37
ББК 72+74

ISBN 978-601-337-871-8

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2023**

// [file:///C:/Users/Admin/Downloads/problemy-razvitiya-rynka-gostinichnyh-uslug-kazahstana%20\(1\).pdf](file:///C:/Users/Admin/Downloads/problemy-razvitiya-rynka-gostinichnyh-uslug-kazahstana%20(1).pdf)

4. Балашова Е.А. Гостиничный бизнес. Как достичь безупречного сервиса [Текст] / Е.А. Балашова. - М.: Вершина, 2015. - 176 с.

ӘОЖ 338.467

ҚАЗАҚСТАНДА «E-QONAQ» ЦИФРЛЫҚ ПЛАТФОРМАСЫНЫҢ ҚОЛДАНЫСЫ

Ниязбекова Аруана Сериковна

Сайын Мадина Саматқызы

niyazbekovaaruana@gmail.com

smadins28@mail.ru

Л.Н.Гумилёв атындағы ЕҰУ студенттері, Астана қ., Қазақстан Республикасы


Ғылыми жетекшісі-аға оқытушы А.Г.Гиззатжанова

Бүгінде туризмдегі жаңа технологиялар естен кетпес, ыңғайлы және жақсы ұйымдастырылған демалыс өткізуге мол мүмкіндік береді. Нарықтағы стандартты және кешенді туризмнің орнын, барлығымызға мәлім, жаппай сұранысқа ие цифрлы туризм түрлері алмастыруда. Цифрлы шлагбаумдар, интерактивті жолсілтеме карталары, саяхатшыларға арналған мобильді қосымшалар - мұның барлығы туристердің демалысын ыңғайлы ету үшін жасалуда. Елімізде туристік саланы цифрландыру жұмыстары жүргізіліп жатқаны көбімізге мәлім. Білікті мамандардың ойынша бұл туристік серпіліске қол жеткізіп қана қоймай, елдің табиғи, биологиялық және тарихи-мәдени байлығын бастапқы күйінде сақтап қалуға септігін тигізеді. Мақалада сондай туристік нарықтағы отандық өнімдердің бірі «e-Qonaq» цифрлық платформасы қарастырылады.

"e-Qonaq" - туристік ағынды және көші-қонды бақылауын жинауға және есепке алуға арналған цифрлық жүйе. Сырттан келген туристердің саны мен олардың қандай елден келіп жатқанын білуге, сонымен қатар, олардың сұранысы мен туризмнің қай саласы қызықтыратынын да байқауға болатын бұл бағдарлама еліміздің туризм саласының гүлденуіне орасан зор үлес қосуда. Бұл жаңа жобаны «Kazakh Tourism» ұлттық компаниясы 2020 жылдың қазан айынан бастап пилотты режимде іске қосқан болатын. Жобаны әзірлеушілердің айтуынша, аталған ақпараттық жүйе ішкі туризм саласын дамытудың 2019-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы аясында жасалды [1].

Жалпы бұл цифрлық платформаның ерекшеліктері мен қызметтеріне тоқталып өтсек, біріншіден, бұл ақпарат жүйесі арқылы елге келген туристердің санын, деңгейін және олардың талғамын білу мүмкіндігі туады. Екіншіден, туристік қызметті оңтайландырып, қолжетімді және цифрлық форматта қызмет көрсетуді көздейді, яғни жүйе арқылы туристердің демалу үшін көбінесе қай жерлерді таңдайтынын, қанша уақыт болғанын анықтауға болады. Бұл ішкі туризмді одан әрі ілгерілетуге, дамытуға зор мүмкіндік. Одан өзге бағдарламаның негізгі міндеттеріне тоқталып өтсек, бұл (сурет 1):

Аналитикалық модуль деректері негізінде 2021 жылғы жағдай бойынша «e-Qonaq» жүйесінде 781 қонақ үй және демалыс үйі туристердің есебін жүргізеді. 41 283 турист тіркелген [3]. Ал 2022 жылғы 30 қыркүйектегі жағдай бойынша 29 692 заңды және жеке тұлғалар туристердің есебін жүргізеді. Жүйе жұмыс істеген сәттен бастап 438 723 турист тіркелген [4].



Сурет 1. «E-QONAQ» цифрлық платформасының негізгі міндеттері
Ескерту – [2] мәліметінен авторлар құрастырған

Көші-қон полициясы жүйесімен интеграцияның арқасында барлық туристер үшін олардың келуі туралы хабарламалар көші-қон қызметіне жіберіледі. Қазіргі таңда «e-Qonaq» жүйесі республикалық маңызы бар 3 қала мен 10 облыс орталығын қамтиды. Орналастыру орындарының тізіліміне сәйкес, жүйе барлық қонақ үйлердің, хостелдердің және демалыс үйлерінің шамамен 52% құрайды. Бүгінде жүйе Астана және Алматы қалаларында, сондай-ақ Ақмола және Солтүстік Қазақстан облыстарында 383 орналастыру орнында, яғни қонақ үйлер мен хостелдерде жұмыс істеп тұр [3].

Жүйенің кемшіліктеріне тоқталсақ, қонақ үй қызметкерлері кездесетін шетелдік туристердің мәліметтерін енгізу деуге болады. Қонақ үй осы шетелдіктер туралы қағаз деректерін жинайды, мөрлер қояды, бланкілерді толтырады, физикалық түрде көші-қон бөліміне апарды, бәрін тапсырады. Бұл күрделі процедура. Қонақ үйдегі қабылдау қызметкері ЭЦҚ коды бар көші-қон жүйесіне кіреді және келген қонақты қолмен енгізеді. Біріншіден, ұзақ уақыт керек, екіншіден, қабылдау қызметкерлері өзгеріп отырады және тек жеке кілтпен кіре алады. Біздің және Ұлттық қауіпсіздік комитетінің және Ішкі Істер министрлігінің қызметкерлерінің ұсыныстары бойынша E-Qonaq платформасы екінші функциясы жетілдірілді. Қонақ үйге келгенде қонақ «check in» жасайды және қонақ үй пайдаланатын деректер автоматты түрде қауіпсіздік базасына түседі», - деп түсіндірді «E-Qonaq» платформасы түсіндіру барысында Kazakh Tourism ұлттық компаниясының төрағасы Ержан Еркінбаев [5].

Сол сияқты, жүйенің жұмысына келетін болсақ, жүйе іске қосылғаннан бері функциялардың спектрі аса қатты өзгере қоймаған, визуалды бейнесі мен дизайнын да жаңарту артық етпейді. Сол себепті платформаны жаңартып, қосымша қызметтер мен ыңғайлы бөлімдерді қосуға болады. Оған қоса, қосымшаны нарықта алға жылжыту мәселесін де атап өтуге болады. Бұл маркетингтік іс-шараларды ұйымдастыру жұмыстарының бәсеңдігі әсерінен Отандық қосымшамыздың еліміздің кейбір өңірлерінде баяу қарқынмен дамуымен байланысты. Ал болашақта бұл жүйенің қарқынды дамуы үшін еліміздің барлық аймақтарына жүйеге тіркелуді міндетті етіп, платформаға өңірлердегі барлық орналастыру орындарын енгізу жұмыстарын жүргізу қажет. Сондай-ақ белгілі бір уақыт аралығында жүргізілген жұмыстарға қорытынды жасап отыру да жүйенің нарықта қарқынды дамуына негіз болады.

Жалпы цифрлы экономиканың негізі болып табылатын ақпараттық технологиялардың дамуы тез қарқынмен жалғасады және осы себеппен мүлтіксіз экономикалық қызметте де айтарлықтай өзгерістер орын алған жағдай қалыптасады. Электронды коммерция кең тарап,

цифрлы ақпараттар адам өмірінің бар аспектісінде дамиды. Сол себепті де "е-Qонақ" цифрлы платформасына туристерге ыңғайлы жағдай жасау үшін бірқатар қызмет түрлерін енгізу қажет, атап айтсақ: қонақ орналасқан өңір жайлы толық ақпарат алу қызметі, жергілікті туристік нысандар және оларға жету маршруты, кәдесый дүкендерінің орналасу орындары жайлы ақпарат, шұғыл көмек қызметі және электронды билеттерді алу мүмкіндігі секілді қызметтер. Осындай жағдайларға қол жеткізу арқылы еліміздің туризм саласындағы цифрлық әлеуеті алға жылжып, қарқынды дамиды.

Жоғарыда атап өткеніміздей, туризмді дамытудың басты тетігі – саланы сандық жүйеге көшіру. Сандық трансформация – туризм саласындағы басты трендтердің бірі. Осылайша, жаңа технологиялар дамыған ғасырда табысты сала да заман көшінен қалмай келеді. Енді дамып жатқан отандық цифрлық технологиялар еліміздің туристік мәдениетінің маңызды бөлігіне айналуға дайын. Ұлы даланың туристік әлеуетін толыққанды пайдалану үшін арнайы туристік саланы дамытудың 2025 жылға дейінгі мемлекеттік бағдарламасы, Отандық туристік нарықтағы туризмді және қызметкерлер жұмысын одан әрі дөңгелетіп әкетуіне негіз салғандай болды. Сандық технологияның осындай ұтымды тұстарын игіліктеріне пайдаланып, Қазақстан туризмі әлемдік нарықтағы алдыңғы қатарлы елдермен терезесі теңесетіне сеніміміз мол!

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Көшіп келушілердің Қазақстан Республикасына келуінің және онда болуының, сондай-ақ олардың Қазақстан Республикасынан кетуінің қағидалары [Электронды ресурс]. Кіру тәртібі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1200000148>
2. eQонақ ақпараттық жүйесіне Қош келдіңіз! [Электронды ресурс].-Кіру тәртібі: <https://eqonaq.kz/?lang=kz>
3. Цифрлық технологиялар қазақстандық туризмнің маңызды бөлігіне айналады [Электронды ресурс].-Кіру тәртібі: <https://jytv.kz/kk/news/society/8544-kazakstannyn-turistik-salasy-n-tsifrandyru-zhumystary-zhurgizilude>
4. Дайджест за сентябрь 2022 года. [Электронды ресурс].-Кіру тәртібі: <https://eqonaq.kz/news-detail-79?lang=kz>
5. Цифровую систему Е-Qонақ презентовали в Нур-Султане. [Электронды ресурс].-Кіру тәртібі: https://www.inform.kz/ru/cifrovuyu-sistemu-e-qonaq-prezentovali-v-nur-sultane_a3801816

ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНДА ЭКОТУРИЗМДІ ДАМУ МҮМКІНДІКТЕРІН ТАЛДАУ

Нұрланова Талшын Нұрланқызы

toleukhanova17@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Экономика факультеті, Туризм кафедрасының 4-курс студенті,
Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – э.ғ.к., доцент Р. Шоқан

Туризм саласы – экономикада қосымша жұмыс орындарын құруды, жұмыспен қамтуды арттыруды және ел халқының әл-ауқатын жақсартуды қамтамасыз ететін әлеуметтік, экономикалық мәселелерді шешуде маңызды рөл атқарады. Қазіргі уақытта туризм саласы экономиканың өсуіне әсер ететін маңызды салалардың біріне айналып отыр. Қазақстан Республикасы жоғары туристік және рекреациялық әлеуетке ие. Оның аумағында бірегей